

"Түркістан" газетін шығару туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 қараша 1993 ж. N 1132

Алыс және жақын шетелдермен мәдени және іскерлік қарым-қатынастарды нығайту , ақпарат алмасу ағымын кеңейту және қазақ диаспорасымен тікелей байланысты орнату мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің, Алматы қаласы әкімінің, Қазақтың ПЕН-орталығының, "Қазақстан-Түркия" қоғамының 1994 жылдан бастап халықаралық тәуелсіз "Түркістан" газетін шығару жөніндегі ұсынысы қолдау тапсын.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі халықаралық тәуелсіз "Түркістан" газетін белгіленген тәртіп бойынша тіркеуден өткізіп , қағаз қорын, полиграфиялық қуатты бөлу жөнінде жәрдем көрсететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті халықаралық "Түркістан" газетінің балансына Бөгенбай батыр көшесіндегі, 150-нөмірлі ғимаратты өткізіп берсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Байланыс министрлігі, "Казконтракт" Акционерлік қоғамы "Түркістан" газетінің редакциясы үшін қаржы бөлу, материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету , қазіргі заманғы редакциялық техникамен жарақтандыру және байланыс құралдарын (халықаралық байланысты қоса) орнату мәселелерін шешетін болсын.

5. "Түркістан" газетінің құрылтайшылары - Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің, Алматы қаласының әкімінің, Қазақтың ПЕН-орталығының, "Қазақстан-Түркия" қоғамының "Түркістан" газетінің редакциялық баспа кешенін салу жөніндегі бастамасы қолдау тапсын.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Заман-Қазақстан" бірлескен қазақ-түрік газетін шығару туралы" 1992 жылғы 13 қаңтардағы N 29 қаулысы күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК